Әділет

# "Қазақстан - Қытай" магистральды газ құбырының "С" желісін орналастыру үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 14 қарашадағы № 334 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен
Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 5 қазандағы № 301 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 карашада № 3413 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағының 9-1) тармақшасына және 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес және облыстық жер комиссиясының 2014 жылғы 28 тамыздағы № 40 қорытындысы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 14 қарашадағы № 334 " Қазақстан - Қытай" магистральды газ құбырының "С" желісін орналастыру үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2149-нөмірмен тіркелген, 2012 жылғы 24 қарашада "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Оңтүстік Қазақстан облысының аумағы бойынша " Қазақстан-Қытай" магистральды газ құбырының "С" желісін орналастыру мақсатында қауымдық сервитут белгілеу үшін жер көлемдері" деген 1-қосымшасында:

"Түлкібас ауданы" жолдағы:

3 бағандағы "279,3051" деген сандар "279,3625" сандарымен ауыстырылсын;

4 бағандағы "242,9163" деген сандар "242,9737" сандарымен ауыстырылсын;

8 бағандағы "54,2313" деген сандар "54,2887" сандарымен ауыстырылсын;

"Ақбиік ауылдық округі" деген жолдағы:

4 бағандағы "38,9312" деген сандар "38,9886" сандарымен ауыстырылсын;

8 бағандағы "10,1988" деген сандар "10,2562" сандарымен ауыстырылсын;

"Облыс бойынша" деген жолдағы:

3 бағандағы "1779,7530" деген сандар "1779,8104" сандарымен ауыстырылсын;

4 бағандағы "1065,5431" деген сандар "1065,6005" сандарымен ауыстырылсын;

8 бағандағы "578,8048" деген сандар "578,8622" сандарымен ауыстырылсын;

Оңтүстік Қазақстан облысының аумағы бойынша "Қазақстан-Қытай" магистральды газқұбырының "С" желісін орналастыру үшін қауымдық сервитут белгілеуден туындайтын ауыл шаруашылығы өндірісінің шығасы 2-қосымшасында:

"Түлкібас ауданы" деген жолдағы:

4 бағандағы "273,9097" деген сандар "273,9671" сандарымен ауыстырылсын;

5 бағандағы "142 116,070" деген сандар "142119,445" сандарымен ауыстырылсын;

"Облыс бойынша" деген жолдағы:

4 бағандағы "1269,2630" деген сандар "1269,3204" сандарымен ауыстырылсын;

5 бағандағы "336 856,985" деген сандар "336 860,36" сандарымен ауыстырылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ. Тұяқбаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі* *Б. Атамқұлов*

*Д. Сатыбалды*

*Б. Жылқышиев*

*Е. Айтаханов*

*С. Қаныбеков*

*Е. Садыр*

*С. Тұяқбаев*

*А. Абдуллаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК